

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы тексеру парақтарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2016 жылғы 2 қыркүйектегі № 395 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 21 қазанда № 14351 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 19 қарашадағы № 807 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 81 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 19.11.2018 № 807 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.11.2018 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 143-бабының 1-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мына:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы құрылыс субъектілері бойынша тапсырыс берушіге (құрылыс салушыға) қатысты тексеру парағы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы құрылыс субъектілері бойынша мердігерге (қосалқы мердігерге) қатысты тексеру парағы;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы құрылыс субъектілері бойынша авторлық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты тексеру парағы;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы құрылыс субъектілері бойынша техникалық қадағалауды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға қатысты тексеру парағы;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы құрылыс субъектілері бойынша бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша сараптама жұмыстарын жүзеге асыратын ұйымдарға қатысты тексеру парағы;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы объектілер салу жобаларын басқару бойынша инжинирингтік қызметтер көрсететін ұйымдарға қатысты тексеру парағы;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы лицензиаттар бойынша тексеру парағы;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобалау және құрылыс салу процесіне қатысушы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау бойынша мемлекеттік емес аттестаттау орталықтарына қатысты тексеру парағы бекітілсін;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге үміткер заңды тұлғаларына қатысты тексеру парағы бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің кейбір бірлескен бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

міндетін атқарушы

М. Құсайынов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының Құқықтық

статистика және арнайы

есепке алу жөніндегі

комитетінің төрағасы

_____ С. Айтпаева

2016 жылғы 15 қыркүйек

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 2 қыркүйектегі
№ 395 бұйрығына
1-қосымша

Тексеру парағы

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында құрылыс субъектісі _____

_____ (Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138 және 139-баптарына сәйкес)

тапсырыс берушіге (құрылыс салушыға) _____ қатысты

(тексерілетін субъектілердің (объектілердің) біртекті тобының атауы)

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

_____ Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№, күні)

Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы _____

_____ Тексерілетін субъектінің (объектінің) (ЖСН), БСН _____

Орналасқан мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1	Құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіле басталғаны туралы хабарлама талаптарының сақталуы				
2	Құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіле басталғаны туралы хабарламада көрсетілген деректердің сәйкестігі				
3	Хабарламаны қабылдау туралы талонның бар-жоғы				
4	Тапсырыс берушіде (құрылыс салушыда) жер учаскесіне (құрылысқа арналған алаңға немесе трассаға) тиісті құқықтың бар-жоғы немесе оны беру туралы жергілікті атқарушы органның шешімінің бар-жоғы				
5	Бұйрықпен бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманың бар-жоғы				
6	Жобалар сараптамасының оң қорытындысының, оның ішінде жобалар сараптамасының қайталама қорытындысының (түзетудің) бар-жоғы				
7	Тиісті жауапкершілік деңгейінде лицензияланатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің тиісті түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензияның бар-жоғы				
8	Тапсырыс беруші (жоба немесе бағдарлама инвесторы) мен өзі таңдаған мердігер (бас мердігер) арасында жасалған шарттың бар-жоғы				
9	Мердігер ұйымда Қазақстан Республикасында сәулет, қала құрылысы және (немесе) құрылыс қызметі саласындағы жұмыстарды жүзеге асыру құқығына тиісті лицензиясының бар-жоғы				
10	Объект бірінші немесе екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызылған жағдайда техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын аккредиттелген заңды тұлғалармен шарттың бар-жоғы				
11	Екінші және үшінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық жағынан күрделі емес объектілерде қызметті жүзеге асыратын техникалық қадағалау сарапшысының аттестаты бар жеке тұлғамен шарттың бар-жоғы				
12	Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеген тұлғамен (жобаны әзірлеушімен немесе аттестатталған сарапшымен) авторлық қадағалауды жүзеге асыруға шарттың бар-жоғы				

13	Жобаларды басқару жөнінде инжинирингтік қызмет көрсетуге аккредиттелген ұйыммен шарттың бар-жоғы				
14	Мердігерге құрылыс алаңын ұсыну				
15	Тапсырыс берушінің (меншік иесінің) объект құрылысын техникалық және авторлық қадағалаумен сүйемелдеуді қамтамасыз етуі				
16	Нормативтік талаптарға сәйкес техникалық және авторлық қадағалауды жүзеге асыру үшін тиісті сарапшылар санының бар-жоғы				
17	Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарының нұсқамаларының орындалуын қамтамасыз ету				
18	Құрылысқа пайдаланған объекті мен аумақты халық пен қоршаған орта үшін қауіпсіз болатындай әрі негізгі конструкциялардың беріктігін, орнықтылығын және бүтіндігін қамтамасыз ететін жай-күйге келтіру				
19	Мердігерді (шарт негізінде құрылысты жүзеге асырған кезде), жергілікті атқарушы органды, сондай-ақ тиісті мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарын құрылысты тоқтату немесе тоқтата тұру туралы шешімді қабылдау туралы хабардар етудің бар-жоғы				
20	Құрылысты тоқтату немесе тоқтата тұру қажет болған жағдайда үш күн мерзімі ішінде ішкі істер органдарының жол полициясы қызметінің бұрын енгізген көлік пен жаяу жүргіншілер қозғалысын шектеуді алып тастау мақсатында, сондай-ақ бекітілген әрі келісілген құрылыстың бас жоспарына сәйкес құрылыс аумағына енгізілген аумақтар иелерінде факт туралы хабарламаның бар-жоғы				
21	Құрылысты тоқтату (тоқтата тұру) және объектіні консервациялау туралы шешім қабылданған жағдайда техникалық зерттеп-қарау нәтижелері негізінде мердігерден аяқталмаған объектіні қабылдау туралы актінің бар-жоғы				
22	Құрылысы тоқтатылған, аяқталмаған объектіні консервациялау (консервациядан шығару) үшін әзірленген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманың бар-жоғы				
23	Объект бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілерге жатқызылған жағдайда, ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асыратын аккредиттелген заңды тұлғамен шарттың бар-жоғы				
24	Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығы бойынша сараптама жұмыстарын жүзеге асыратын ұйымда аккредиттеу туралы куәліктің бар-жоғы				
25	Үшінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілерде ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау қызметін жеке				

	жүзеге асыратын сарапшының аттестаты бар жеке тұлғамен шарттың бар-жоғы				
26	Үшінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілерде ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша сараптама жұмыстарын жүзеге асыратын сарапшы аттестатының бар-жоғы				
27	Техникалық зерттеп-қарау жүргізу үшін шынайы бастапқы деректерді, мұрағат материалдарын сарапшыға (сарапшыларға) ұсынуды қамтамасыз ету				
28	Техникалық зерттеп-қарау нәтижелері бойынша қорытындылар мен нұсқаулардың орындалуын қамтамасыз ету				
29	Жұмыс жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамадан және нормативтік талаптардан ауытқумен жүзеге асырылған жағдайда оларды тоқтата тұруды қамтамасыз ету				
30	Заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамадан ауытқыған жағдайда келісімдер мен растайтын құжаттардың бар-жоғы				
31	Халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына қолжетімділікті қамтамасыз ету				
32	Мердігерден (бас мердігерден) объектінің дайындығы туралы жазбаша хабарламаның бар-жоғы				
33	Сәйкестік туралы декларацияның бар-жоғы				
34	Құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытындының бар-жоғы				
35	Орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі туралы қорытындының бар-жоғы				
36	Салынған объектіні пайдалануға қабылдау туралы бекітілген актінің бар-жоғы				
37	Мердігердің кепілдік мерзімі шеңберінде өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуі				
38	Тапсырысшы мен мердігер (бас мердігер) арасында құрылысқа шарт жасасқан кезде салынған объектіні (жалпы құрылыстың күрделі сыныбына немесе жүргізілген құрылыс-монтаждау жұмыстарының жекелеген түрлеріне сәйкес) пайдалануға берудің нормативтік мерзіміне байланысты белгіленген кепілді мерзімге сәйкестігін (объект пайдалануға қабылданған күнінен бастап екі жылдан кем болмайды) қамтамасыз ету				

Лауазымды тұлға (тұлғалар) _____
(лауазымы) (қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
Тексерілетін субъектінің басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы)

(ҚОЛЫ)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 2 қыркүйектегі
№ 395 бұйрығына
2-қосымша

Тексеру парағы

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында құрылыс субъектісі _____

(Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138 және 139-баптарына сәйкес)

мердігерге (бас мердігерге) (қосалқы мердігерге) _____ қатысты

(тексерілетін субъектілердің (объектілердің) біртекті тобының атауы)

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№, күні)

Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы _____

Тексерілетін субъектінің (объектінің) (ЖСН), БСН _____

Орналасқан мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талап егіледі	Талап егілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1	Тиісті жауапкершілік деңгейінде лицензияланатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің тиісті түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензияның бар-жоғы				
2					

	Бекітілген (қайта бекітілген) жобалау-сметалық құжаттаманың бар-жоғы				
3	Мердігердің (бас мердігердің) құрылыс сапасын өзіндік өндірістік бақылаудың барлық (кіру, операциялық, қабылдау, зертханалық, геодезиялық) түрлері мен нысандарын жүзеге асыру бойынша міндеттемелерін сақтауы				
4	Орындалған (орындалып жатқан) құрылыс-монтаждау жұмыстарының, қолданылатын құрылыс материалдарының (бұйымдарының, конструкцияларының) және жабдықтардың бекітілген жобалық шешімдерге және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге, оның ішінде тіреу және қоршау конструкцияларының беріктігін, орнықтылығын, сенімділігін және үйлердің (ғимараттардың) пайдалану сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нормативтерге сәйкестігі				
5	Атқарушылық техникалық құжаттаманың тиісті және уақтылы жүргізілуін қамтамасыз ету				
6	Жер учаскесінің шекарасын белгілеу туралы құжаттың бар-жоғы				
7	Ғимаратты, құрылысты тұрғызу актісінің бар-жоғы				
8	Ғимараттар мен құрылыстардың негізгі осінің геодезиялық бөлінуін тексеру актісінің бар-жоғы				
9	Репердің белгісін ауыстыру актісінің бар-жоғы				
10	Сейсмикалық аудандарда құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге құқық беретін куәліктерінің бар-жоғы				
11	Белгіленген нысан бойынша жұмыс жүргізудің жалпы журналының бар-жоғы				
12	Қадалар қағу, қадаларды зерттеп-қарау журналының бар-жоғы				
13	Белгіленген нысан бойынша құрылыс конструкцияларын монтаждау жұмыстары журналының бар-жоғы				
14	Дәнекерлеу жұмыстарының белгіленген нысандағы журналының бар-жоғы				
15	Белгіленген нысан бойынша дәнекерленген қосылыстарды коррозиядан қорғау журналының бар-жоғы				
16	Белгіленген нысан бойынша монтаждалған жіктер мен тораптарды тұтас бекіту журналының бар-жоғы				
17	Белгіленген нысан бойынша бақыланып тартылатын болттарға монтаждалатын қосылыстарды орындау журналының бар-жоғы				
18	Белгіленген нысан бойынша авторлық қадағалау журналының бар-жоғы				
19	Белгіленген нысан бойынша техникалық қадағалау журналының бар-жоғы				
20	Материалдарды, бұйымдарды, конструкцияларды, инженерлік жүйелер, және жабдықтарды сынау актілерінің (хаттамалары) бар-жоғы				

21	Материалдардың, бұйымдардың, конструкциялар мен жабдықтардың сапасы туралы құжаттардың (паспорттар мен сертификаттардың) бар-жоғы				
22	Атқарушылық геодезиялық схемалардың бар-жоғы				
23	Техникалық және авторлық қадағалаудың нұсқауларын орындауды қамтамасыз ету				
24	Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарының ұйғарымдарының орындалуын сақтау				
25	Заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау құжаттамадан ауытқыған жағдайда тиісті келісімдер мен растайтын құжаттардың бар-жоғы				
26	Енгізілген өзгерістер ескерілген жобалау-сметалық құжаттама бойынша сараптама қорытындысының бар-жоғы				
27	Тапсырыс берушіде объектінің пайдалануға қабылдауға толық әзірлігі туралы жазбаша хабарламаның бар-жоғы				
28	Салынған объектінің сәйкестігі туралы декларацияның бар-жоғы				
29	Мердігерлік шартқа сәйкес бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша кепілдік міндеттемелерді сақтау				

Лауазымды тұлға (тұлғалар) _____
(лауазымы) (қолы)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Тексерілетін субъектінің басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы)

_____ (қолы)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 2 қыркүйектегі
№ 395 бұйрығына
3-қосымша

Тексеру парағы

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында құрылыс субъектісі _____

_____ (Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138 және 139-баптарына сәйкес)

авторлық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғаға _____ қатысты

(тексерілетін субъектілердің (объектілердің) біртекті тобының атауы)

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№, күні)

Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы _____

Тексерілетін субъектінің (объектінің) (ЖСН), БСН _____

Орналасқан мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1	Тапсырыс беруші мен автордың (жобаны әзірлеушінің) не авторлық қадағалау жүргізуге құқығы бар аттестатталған сарапшының арасында жасалған шарттың бар-жоғы				
2	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында тиісті жауапкершілік деңгейде инжинирингтік қызметті жүзеге асыруға құқығы бар аттестаттың бар-жоғы				
3	Қол қойылған жасырын жұмыстарды куәландыру және жауапты конструкцияларды аралық қабылдау актілерінің бар-жоғы				
4	Тапсырыс берушіге және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарының бөлімшесіне мердігердің авторлық қадағалаудың нұсқауларын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны туралы ақпарат беру				
5	Орындалған (орындалып жатқан) құрылыс-монтаждау жұмыстарының, қолданылатын құрылыс материалдарының (бұйымдарының, конструкцияларының) және жабдықтардың бекітілген жобалық шешімдерге және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге, оның ішінде тіреу және қоршау конструкцияларының беріктігін, орнықтылығын, сенімділігін және ғимараттардың (құрылыстардың) пайдалану сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нормативтерге сәйкестігі				
6	Авторлық қадағалау журналының бар-жоғы				

7	Орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындының бар-жоғы					
---	---	--	--	--	--	--

Лауазымды тұлға (тұлғалар) _____
(лауазымы) (қолы) _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
Тексерілетін субъектінің басшысы _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы)

_____ (қолы)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 2 қыркүйектегі
№ 395 бұйрығына
4-қосымша

Тексеру парағы

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында құрылыс субъектісі _____

_____ (Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138 және 139-баптарына сәйкес)

техникалық қадағалауды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға қатысты _____

_____ (тексерілетін субъектілердің (объектілердің) біртекті тобының атауы)

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

_____ ексеруді тағайындау туралы акт _____
(№, күні)

Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы _____

_____ Тексерілетін субъектінің (объектінің) (ЖСН), БСН _____

Орналасқан мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1	Тапсырыс беруші мен сарапшының немесе инжинирингтік қызмет көрсететін, техникалық қадағалау жүргізуге құқығы бар аккредиттелген ұйымның арасында жасалған шарттың бар-жоғы				
2	Аккредиттеу туралы куәліктің бар-жоғы				
<p>Бірінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілерде техникалық қадағалауды жүзеге асыру үшін:</p> <p>өзінің құрамында тұрақты негізде бірінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілерде техникалық қадағалауды жүзеге асыратын кемінде үш аттестатталған сарапшының бар-жоғы, оның ішінде мынадай мамандануы бойынша:</p>					
3	Тіреу және қоршау конструкциялары бөлігінде (кемінде бір сарапшы)				
4	Инженерлік желілер бөлігінде (кемінде бір сарапшы)				
5	Технологиялық жабдықтар бөлігінде (кемінде бір сарапшы)				
6	Меншік құқығында немесе тартылған (шарт негізінде) аккредиттелген зертхананың бар-жоғы				
7	Меншік немесе бір жылдан астам мерзімге жалға алу құқығында Санитариялық қағидалар талаптарын қанағаттандыратын әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлардың бар-жоғы				
8	Жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға қажетті материалдық-техникалық жаратқандыру, оның ішінде өлшеу және бақылау құралдарының бар-жоғы				
9	Жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға қажетті нормативтік-техникалық және әдіснамалық әдебиеттің бар-жоғы				
<p>Екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілерде техникалық қадағалауды жүзеге асыру үшін:</p> <p>өзінің құрамында тұрақты негізде екінші және үшінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілерде техникалық қадағалауды жүзеге асыратын кемінде үш аттестатталған сарапшының бар-жоғы, оның ішінде мынадай мамандануы бойынша:</p>					
10	Тіреу және қоршау конструкциялары бөлігінде (кемінде бір сарапшы)				
11	Инженерлік желілер бөлігінде (кемінде бір сарапшы)				
12	Технологиялық жабдықтар бөлігінде (кемінде бір сарапшы)				
13	Меншік құқығында немесе тартылған (шарт негізінде) аккредиттелген зертхананың бар-жоғы				
	Меншік немесе бір жылдан астам мерзімге жалға алу құқығында Санитариялық қағидалар талаптарын				

14	қанағаттандыратын әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлардың бар-жоғы				
15	Жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға қажетті материалдық-техникалық жаратқандыру, оның ішінде өлшеу және бақылау құралдарының бар-жоғы				
16	Жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға қажетті нормативтік-техникалық және әдіснамалық әдебиеттің бар-жоғы				
17	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында тиісті жауапкершілік деңгейде инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыруға құқығы бар аттестаттың бар-жоғы				
Объектіде мынадай талаптардың сақталуына қадағалауды қамтамасыз ету:					
18	Жер учаскесіне тиісті құқығының бар-жоғы				
19	Бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманың бар-жоғы				
20	Жобаға сараптаманың оң қорытындысының бар-жоғы				
21	Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарына құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіле басталғаны туралы хабарлама беру туралы талонның бар-жоғы				
22	Мердігерлік ұйымда лицензияланатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің тиісті түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензияның бар-жоғы				
23	Орындалған (орындалып жатқан) құрылыс-монтаждау жұмыстарының, қолданылатын құрылыс материалдарының (бұйымдарының, конструкцияларының) және жабдықтардың бекітілген жобалық шешімдерге және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге, оның ішінде тіреу және қоршау конструкцияларының беріктігін, орнықтылығын, сенімділігін және ғимараттардың (құрылыстардың) пайдалану сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нормативтерге сәйкестігі				
24	Техникалық қадағалау журналының бар-жоғы және жүргізілуі				
25	Мердігердің (бас мердігердің) құрылыс сапасын өзіндік өндірістік бақылаудың және қадағалаудың барлық (кіру, операциялық, қабылдау, зертханалық, геодезиялық) түрлері мен нысандарын ұйымдастыруы мен жүзеге асыруы				
26	Белгіленген мерзімдерде нұсқауларды орындау үшін құрылыс-монтаждау жұмыстарын тоқтата тұру құқығымен, мердігердің (бас мердігердің) құрылыс барысында өзі жол берген мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерді бұзушылықтарды, бекітілген жобада көзделген жобалық шешімдерден және (немесе) ұйымдық-технологиялық құжаттардың талаптарынан ауытқуларды міндетті түрде жоюы туралы жазбаша нұсқаулардың бар-жоғы				
27	Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органына ай сайынғы негізде объект құрылысының жай-күйі және барысы туралы есепті ұсыну бойынша міндетті орындау				

28	Мердігердің нұсқауларды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны туралы тапсырыс берушіге және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарының бөлімшесіне ақпарат беру				
29	Құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытындының бар-жоғы				

Лауазымды тұлға (тұлғалар) _____
(лауазымы) (қолы)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
Тексерілетін субъектінің басшысы _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы)

(қолы)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 2 қыркүйектегі
№ 395 бұйрығына
5-қосымша

Тексеру парағы

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында құрылыс субъектісі _____

_____ (Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138 және 139-баптарына сәйкес)
бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша сараптама жұмыстарын жүзеге асыратын ұйымдарға қатысты (тексерілетін субъектілердің (объектілердің) біртекті тобының атауы)

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

_____ Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№, күні)

Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы _____

Тексерілетін субъектінің (объектінің) (ЖСН), БСН _____

Орналасқан мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1	Аккредиттеу туралы куәліктің бар-жоғы				
2	Өзінің құрамында тұрақты негізде ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асыратын кемінде үш аттестатталған сарапшының бар-жоғы				
3	Өзінің құрамында тұрақты негізде конструктивтік бөлік мамандануы бойынша жобалардың сараптамасын жүзеге асыратын кемінде бір аттестатталған сарапшының бар-жоғы				
4	Өзінің құрамында тұрақты негізде кемінде бір инженер-геодезистің бар-жоғы (жұмыс тәжірибесі кемінде үш жыл)				
5	Меншік құқығында немесе тартылған (шарт негізінде) аккредиттелген зертхананың бар-жоғы				
6	Меншік немесе бір жылдан астам мерзімге жалға алу құқығында Санитариялық қағидалар талаптарын қанағаттандыратын әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлардың бар-жоғы				
7	Жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға қажетті материалдық-техникалық жаратандыру, оның ішінде өлшеу және бақылау құралдарының, сондай-ақ есеп айырысуларды орындауға, графикалық материалдарды жасау мен ресімдеуге қажетті лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етумен жасақталған компьютерлердің бар-жоғы				
8	Жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға қажетті нормативтік-техникалық және әдіснамалық әдебиеттің бар-жоғы				

Лауазымды тұлға (тұлғалар) _____

(лауазымы) (қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Тексерілетін субъектінің басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы)

(қолы)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 2 қыркүйектегі
№ 395 бұйрығына
6-қосымша

Тексеру парағы

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында құрылыс субъектісі _____

(Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138 және 139-баптарына сәйкес)

құрылыс объектілерінің жобаларын басқару жөніндегі инжинирингтік қызметтер көрсететін ұйымдарға қатысты

(тексерілетін субъектілердің (объектілердің) біртекті тобының атауы)

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№, күні)

Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы _____

Тексерілетін субъектінің (объектінің) (ЖСН), БСН _____

Орналасқан мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талап егіледі	Талап егілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1	Аккредиттеу туралы куәліктің бар-жоғы				

Мынадай маманданулар бойынша техникалық қадағалауды жүзеге асыратын кемінде бір аттестатталған сарапшының бар-жоғы:

2	бірінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілер бойынша – тіреу және қоршау конструкциялары бөлігінде				
3	бірінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілер бойынша – инженерлік желілер бөлігінде				
4	бірінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілер бойынша – технологиялық жабдықтар бөлігінде				

Мынадай маманданулар бойынша авторлық қадағалауды жүзеге асыратын кемінде бір аттестатталған сарапшының бар-жоғы:

5	бірінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілер бойынша – сәулет бөлігінде				
6	бірінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілер бойынша – тіреу және қоршау конструкциялары бөлігінде				

Мынадай маманданулар бойынша жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын сараптау бойынша кемінде бір аттестатталған сарапшының бар-жоғы:

7	қала құрылысы				
8	жобалау алдындағы құжаттама				
9	сәулет				
10	конструктивтік бөлік				
11	инженерлік желілер мен жүйелер (инженерлік желілер мен жүйелердің түрлері бойынша)				
12	технологиялық бөлік (объектінің мақсатына байланысты)				
13	жобаның арнайы бөлімдері				
14	Меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлардың бар-жоғы				
15	Материалдық-техникалық жарақтандырудың, атап айтқанда есеп айырысуларды орындауға, графикалық материалдарды жасауға және ресімдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етулері бар жұмыс станцияларының бар-жоғы				

Лауазымды тұлға (тұлғалар) _____
(лауазымы) (қолы)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Тексерілетін субъектінің басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы)

_____ (қолы)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 2 қыркүйектегі

Тексеру парағы

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында құрылыс субъектісі _____

(Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138 және 139-баптарына сәйкес)

лицензиаттарға _____ қатысты

(тексерілетін субъектілердің (объектілердің) біртекті тобының атауы)

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№, күні)

Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы _____

Тексерілетін субъектінің (объектінің) (ЖСН), БСН _____

Орналасқан мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
Іздестіру қызметімен айналысу үшін қойылатын талаптар					
1	Штатында тиісті жоғары кәсіптік білімі және жұмыс тәжірибесі бар кемінде бір инженерлік-техникалық жұмыскердің бар-жоғы				
2	Меншік және/немесе жалға алу (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) құқығындағы өндірістік базаның бар-жоғы				
3	Меншік және/немесе жалға алу (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) құқығында ең аз материалдық-техникалық жаратандырудың бар-жоғы				
	Өтініш беруші (лицензиат) бекіткен жұмыстарды тиісінше орындауды және сапаны қамтамасыз етуді регламенттейтін				

4	сапаны бақылау жүйесі бойынша нұсқаулықтың (норманы бақылау, жұмыс жүргізу сапасын бақылау) бар-жоғы				
5	Өтініш беруші (лицензиат) бекіткен жауапты инженерлік-техникалық жұмыскердің оқудан өткенін растайтын құжаттарды қоса алғанда, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша қағидалар мен нұсқаулықтардың бар-жоғы				
Жобалау қызметі					
III санаттағы лицензиаттарға қойылатын талаптар					
1	Өтініш берушінің штатында лицензияланатын қызмет түрінің мәлімделген кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша тиісті аттестаты бар және тұрақты негізде жұмыс істейтін кемінде бір аттестатталған инженер-техник жұмыскердің бар-жоғы				
2	Меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлардың бар-жоғы				
3	Лицензияланатын қызмет түрлерінің мәлімделген кіші түрі үшін қажетті есеп айырысуларды орындауды, графикалық материалдарды жасау мен ресімдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз етудің бар-жоғы				
II санаттағы лицензиаттарға қойылатын талаптар					
1	Өтініш берушінің штатында лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша тиісті аттестаты бар және тұрақты негізде жұмыс істейтін кемінде бір аттестатталған инженер-техник жұмыскердің бар-жоғы				
2	Меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлардың бар-жоғы				
3	Лицензияланатын қызмет түрінің мәлімделген кіші түрі үшін қажетті, есеп айырысуларды орындауды, графикалық материалдарды жасау мен ресімдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз етудің бар-жоғы				
4	Лицензиаттың кемінде 5 жыл тиісті жұмыс тәжірибесі				
5	Іске асырылған құрылыс объектілерінің бар-жоғы				
I санаттағы лицензиаттарға қойылатын талаптар					
1	Өтініш берушінің штатында лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша тиісті аттестаты бар және тұрақты негізде жұмыс істейтін кемінде бір аттестатталған инженер-техник жұмыскердің бар-жоғы				
2	Меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлардың бар-жоғы				
	Лицензияланатын қызмет түрінің мәлімделген кіші түрі үшін қажетті, есеп айырысуларды орындауды, графикалық				

3	материалдарды жасау мен ресімдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз етудің бар-жоғы				
4	Лицензиаттың кемінде 10 жыл тиісті жұмыс тәжірибесі				
5	Іске асырылған құрылыс объектілерінің бар-жоғы				
Құрылыс-монтаждау жұмыстары					
III санаттағы лицензиаттарға қойылатын талаптар					
1	Өтініш берушінің штатында лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша тиісті аттестаты бар және тұрақты негізде жұмыс істейтін кемінде бір аттестатталған инженер-техник жұмыскердің бар-жоғы				
2	Меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығындағы өндірістік базаның бар-жоғы				
3	Меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында ең аз материалдық-техникалық жарактандырылуы				
II санаттағы лицензиаттарға қойылатын талаптар					
1	Өтініш берушінің штатында лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша тиісті аттестаты бар тұрақты негізде жұмыс істейтін кемінде бір аттестатталған инженер-техник жұмыскердің бар-жоғы				
2	Меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығындағы өндірістік базаның бар-жоғы				
3	Меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында ең аз материалдық-техникалық жарактандырудың бар-жоғы				
4	Лицензиаттың кемінде 5 жыл тиісті жұмыс тәжірибесі				
5	Іске асырылған құрылыс объектілерінің бар-жоғы				
I санаттағы лицензиаттарға қойылатын талаптар					
1	Өтініш берушінің штатында лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша тиісті аттестаты бар және тұрақты негізде жұмыс істейтін кемінде бір аттестатталған инженер-техник жұмыскердің бар-жоғы				
2	Меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) құқығындағы өндірістік базаның бар-жоғы				
3	Меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) ең аз материалдық-техникалық жарактандырудың бар-жоғы				
4	Лицензиаттың кемінде 10 жыл тиісті жұмыс тәжірибесі				
5	Іске асырылған құрылыс объектілерінің бар-жоғы				

Лауазымды тұлға (тұлғалар) _____
(лауазымы) (қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Тексерілетін субъектінің басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы)

(қолы)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 2 қыркүйектегі
№ 395 бұйрығына
8-қосымша

Тексеру парағы

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында құрылыс субъектісі _____

(Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138 және 139-баптарына сәйкес)

жобалау және құрылыс салу процесіне қатысушы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау жөніндегі мемлекеттік емес аттестаттау орталықтарына _____

қатысты

(тексерілетін субъектілердің (объектілердің) біртекті тобының атауы)

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№, күні)

Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы _____

Тексерілетін субъектінің (объектінің) (ЖСН), БСН _____

Орналасқан мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1	Аккредиттеу туралы куәліктің бар-жоғы				
2	Біліктілікті арттыруды жүргізуге жауапты оқытушылық құрамның бар-жоғы				
3	Аттестаттау жүргізуге жауапты техникалық құрамның бар-жоғы				
4	Оқыту және аттестаттау жүргізу үшін меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде, санитариялық талаптарды қанағаттандыратын, алаңы кемінде 100 (жүз) шаршы метр әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлардың бар-жоғы, бұл ретте тестілеу және оқыту жүргізуге арналған үй-жайлар кемінде 45 (қырық бес) шаршы метр бар-жоғы. Бұл ретте, тестілеу және оқыту жүргізуге арналған үй-жайлар біріктірілуі мүмкін				
5	Оқыту және аттестаттау жүргізу үшін санитариялық талаптарды қанағаттандыратын материалдық-техникалық жарақтандырудың, оның ішінде кемінде 10 (он) орынның бар-жоғы				
6	Инженерлік-техникалық жұмыскерлерді аттестаттау үшін бағдарламалық қамтамасыз етудің бар-жоғы				
7	Нормативтік-техникалық және әдіснамалық әдебиеттің бар-жоғы				
8	Оқыту және аттестаттау жүргізу үшін уәкілетті орган бекіткен тест сұрақтарының, бекітілген ішкі қағидалар мен регламенттердің бар-жоғы				
Жобалау қызметі бойынша инженерлік-техникалық жұмыскерлердің білімі мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын рұқсат беру талаптары					
1	Жобаның бас инженері: Білімі жоғары, құрылыс саласында; Тиісті салада маман және (немесе) басшы лауазымында объектілерді жобалау бойынша жұмыс тәжірибесі кемінде бес жыл				
2	Жобаның бас сәулетшісі: Білімі жоғары, сәулет саласында; Тиісті салада маман және (немесе) басшы лауазымында объектілерді жобалау бойынша жұмыс тәжірибесі кемінде бес жыл				
3	Бас конструктор (тіреу және қоршау конструкциялары бойынша; инженерлік желілер мен құрылыстар бойынша; көлік құрылысы бойынша; технологиялық жабдықтар бойынша): Жұмыстың бағытына байланысты құрылыс саласындағы мамандығы бойынша жоғары білімі;				

	Жұмыс тәжірибесі тиісті салада маман және (немесе) басшы лауазымында объектілерді жобалау бойынша кемінде бес жыл				
4	<p>Жетекші инженер жобалаушы (тіреу және қоршау конструкциялары бойынша; инженерлік желілер мен құрылыстар бойынша; көлік құрылысы бойынша; технологиялық жабдықтар бойынша):</p> <p>Жұмыстың бағытына байланысты құрылыс саласындағы мамандығы бойынша жоғары білімі және жұмыс тәжірибесі тиісті саладағы маман лауазымында объектілерді жобалау бойынша кемінде үш жыл;</p> <p>Жұмыстың бағытына байланысты құрылыс саласындағы мамандығы бойынша білімі орта және жұмыс тәжірибесі тиісті салада маман лауазымында объектілерді жобалау бойынша кемінде бес жыл</p>				
Құрылыс-монтаждау жұмыстары бойынша инженерлік-техникалық жұмыскерлердің білімі мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын рұқсат беру талаптары					
1	<p>Бас инженер:</p> <p>Білімі жоғары, құрылыс саласында;</p> <p>Жұмыс тәжірибесі техникалық қадағалауды жүзеге асыру бойынша және (немесе) құрылыс ұйымдарында басшылық лауазымында кемінде бес жыл, оның ішінде бас инженер немесе бас инженердің орынбасары лауазымында кемінде бір жыл</p>				
2	<p>Өндірістік-техникалық бөлімнің бастығы:</p> <p>Білімі жоғары, құрылыс саласында;</p> <p>Жұмыс тәжірибесі құрылыс ұйымдарында маман және (немесе) басшы лауазымында кемінде бес жыл, оның ішінде өндірістік-техникалық бөлім бастығы немесе бастығының орынбасары лауазымында кемінде бір жыл</p>				
3	<p>Учаскенің бастығы (тіреу және қоршау конструкциялары бойынша; инженерлік желілер мен құрылыстар бойынша; көлік құрылысы бойынша):</p> <p>Жұмыстың бағытына байланысты құрылыс саласындағы мамандығы бойынша жоғары білімі және жұмыс тәжірибесі мастер не құрылыс учаскесінде/ объектісінде жұмыс жүргізуші, техникалық қадағалау лауазымында кемінде үш жыл не құрылыс учаскесінде басқа да лауазымдарда кемінде бес жыл;</p> <p>Жұмыстың бағытына байланысты құрылыс саласындағы мамандығы бойынша білімі орта және жұмыс тәжірибесі мастер не құрылыс учаскесінде/ объектісінде жұмыс жүргізуші, техникалық қадағалау лауазымында кемінде бес жыл не құрылыс учаскесінде басқа да лауазымдарда кемінде жеті жыл</p>				
	Жұмыс жүргізуші (тіреу және қоршау конструкциялары бойынша; инженерлік желілер мен құрылыстары бойынша;				

4	<p>көлік құрылысы бойынша; технологиялық жабдықтар бойынша):</p> <p>Жұмыстың бағытына байланысты құрылыс саласындағы мамандығы бойынша жоғары білімі және жұмыс тәжірибесі мастер не құрылыс учаскесінде/ объектісінде жұмыс жүргізуші, техникалық қадағалау лауазымында кемінде үш жыл не құрылыс учаскесінде басқа да лауазымдарда кемінде бес жыл;</p> <p>Жұмыстың бағытына байланысты құрылыс саласындағы мамандығы бойынша білімі орта және жұмыс тәжірибесі мастер не құрылыс учаскесінде/ объектісінде жұмыс жүргізуші, техникалық қадағалау лауазымында кемінде бес жыл не құрылыс учаскесінде басқа да лауазымдарда кемінде жеті жыл</p>				
5	<p>Мастер (тіреу және қоршау конструкциялары бойынша; инженерлік желілер мен құрылыстары бойынша; көлік құрылысы бойынша; технологиялық жабдықтар бойынша):</p> <p>Жұмыстың бағытына байланысты құрылыс саласындағы мамандығы бойынша жоғары білімі және жұмыс тәжірибесі мастер не техникалық қадағалау лауазымында кемінде бір жыл не құрылыс учаскесінде басқа да лауазымдарда кемінде бес жыл;</p> <p>Жұмыстың бағытына байланысты құрылыс саласындағы мамандығы бойынша білімі орта және жұмыс тәжірибесі мастер немесе техникалық қадағалау лауазымында кемінде үш жыл не құрылыс учаскесінде басқа да лауазымдарда кемінде бес жыл</p>				

Лауазымды тұлға (тұлғалар) _____
(лауазымы) (қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
Тексерілетін субъектінің басшысы _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы)

(қолы)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 2 қыркүйектегі
№ 395 бұйрығына
9-қосымша

Тексеру парағы

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында құрылыс субъектісі _____

(Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138 және 139-баптарына сәйкес)

объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге үміткер заңды тұлғаларына қатысты

(тексерілетін субъектілердің (объектілердің) біртекті тобының атауы)

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№, күні)

Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы _____

Тексерілетін субъектінің (объектінің) (ЖСН), БСН _____

Орналасқан жері _____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1	Аккредиттеу туралы куәліктің бар-жоғы				
2	Жобаның негізгі бөлімдеріне сәйкес мамандандырулар бойынша аттестатталған кемінде бес сарапшының бар-жоғы				
3	Меншік құқығы немесе өзге де заңды негізде өндірістік базаның бар-жоғы				
4	Аккредиттеу кезінде өтінім жасалған материалдық-техникалық жарақтандыру туралы мәліметтердің бар-жоғы				
5	Жобаларды сараптаудың сапасын бақылайтын жүйенің бар-жоғы				
6	Аккредиттеу кезінде өтінім жасалған нормативтік-анықтамалық және әдіснамалық әдебиеттің бар-жоғы				
7	Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына берілген сараптаманың (сараптамалық бағалаудың), Қазақстан				

Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін және тұрғызылып жатқан не тұрғызылған объектілердің орнықтылығына, сенімділігіне және беріктігіне сәйкестігі				
---	--	--	--	--

Лауазымды тұлға (тұлғалар) _____

(лауазымы) (қолы)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Тексерілетін субъектінің басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы)

_____ (қолы)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 2 қыркүйектегі
№ 395 бұйрығына
10-қосымша

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің күштерін жойған кейбір бірлескен бұйрықтарының тізбесі

1. "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жеке кәсіпкерлік саласында тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 28 наурыздағы № 123 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 75 бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6905 болып тіркелген, 2011 жылғы 8 маусымдағы № 180 (26601) "Казахстанская правда" газетінде жарияланған)

2. "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жеке кәсіпкерлік саласында тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 28 наурыздағы № 124 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 73 бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6928 болып тіркелген, 2011 жылғы 24 мамырдағы № 215-216 (26614) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған)

3. "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жеке кәсіпкерлік саласында тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағаның 2011 жылғы 28 наурыздағы № 124 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда Министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 73 бірлескен бұйрыққа өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 165 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2012 жылғы 2 мамырдағы № 138 бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7696 болып тіркелген, 2012 жылғы 25 шілдедегі № 415-421 (27495) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған)

4. "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жеке кәсіпкерлік саласында тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 28 наурыздағы № 123 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда Министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 75 бірлескен бұйрыққа өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 164 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2012 жылғы 2 мамырдағы № 139 бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7697 болып тіркелген, 2012 жылғы 25 шілдедегі № 415-421 (27495) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған).